

● ПРЕЗИДЕНТ

ТИІМДІ ІС-ҚИМЫЛ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Нұртай Әбіқаевты қабылдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Н.Әбіқаев Елбасына ведомствоның қазіргі қызметі мен алдағы кезеңге арналған жұмысының негізгі міндеттері туралы баяндады.

Кездесу барысында халықаралық терроризмге және экстремизмге қарсы тиімді іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар мемлекеттік шекараны нығайтуға бағытталған шараларға да ерекше көңіл бөлінді.

Қазақстан Президенті кездесу қорытындысы бойынша комитет төрағасына бірқатар нақты тапсырмалар берді.

АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМА
ӘЗІРЛЕУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Елбасы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқармасының төрағасы Өмірзақ Шөкеевті қабылдады.

Ө.Шөкеев Қордың қазіргі қызметі мен негізгі бағдарламаларды жүзеге асыру барысы, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған жоспарлар туралы баяндады.

Мемлекет басшысы қазіргі экономикалық жағдайда қордың тиімді әрі орнықты жұмыс істеуі маңызды екенін айтты.

— Еліміздің экспорттық тауарларына баға төмендеген кезеңде жұмыс орындарының сақталуын қамтамасыз еткен жөн. Осы орайда жоспарланған жекешелендіру, активтерді қайта құрылымдау бағдарламаларын, шығыстарды қысқартуды және табысты ұлғайтуды қамтитын шараларды сапалы жүзеге асыруды жалғастыру маңызды болып отыр, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті қордың 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын қайта қарауды, сондай-ақ дағдарысқа қарсы арнайы бағдарламалар әзірлеуді тапсырды.

Ө.Шөкеев шығыстарды қысқартуға бағытталған, стратегиялық маңызы төмен бірқатар инвестициялық жобаларды тоқтатуды қамтитын шаралар туралы айтты.

— Биыл біз өнімдеріміздің өзіндік құнын 7,8 пайызға, барлық ағымдағы және әкімшілік шығындарды 20 пайызға, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаларды 18 пайызға төмендетуді жоспарладық, — деді басқарма төрағасы.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

● ӘРІПТЕСТІК

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН
БАЙЛАНЫСЫН АРТТЫРДЫ

Астана қаласында Қырымбек Көшербаев бастаған Қызылорда облысының делегациясы Азия даму банкінің өкілдерімен кездесті.

Басқосу барысында Азия даму банкі Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің директоры Джинлин Янг қаржы институтының негізгі басымдықтарына тоқталды. Оның айтуынша, банктің несиелендіретін негізгі бағыттары мемлекеттік бағдарламалар, транспорттық инфрақұрылым, жеке сектор, шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады.

Ал Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері жайлы тарата айтты. Банк өкілдеріне Сыр өңірінде өндірісті өркендетіп, инфрақұрылымды дамытуға болатынын жеткізді.

Кездесу қорытындысында қос тарап әріптестік байланыс орнату мәселелерін талқылады.

Бұдан кейін Алматы қаласында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған топ Ислам банкінің өкілдерімен де кездесті.

Ислам даму банкінің Орталық Азия және Әзірбайжан елдері бойынша төрағасы Хишан Маруф Қызылорда облысымен әріптестік байланыс орнатуға дайын екендігін мәлімдеді.

Кездесу барысында тараптар Сыр өңірінде исламдық қаржыландыруды дамыту мәселесін талқылады. Өз кезегінде аймақ басшысы Ислам банкі мен компаниялар басшыларын көктемде Қызылордада өтетін инвестициялық форумға шақырып, облысқа исламдық қаржыландыру механизмін енгізу шараларын талқылауды ұсынды.

Айта кетейік, бұл қаржы институты ауылшаруашылық, денсаулық, білім, су жүйелерін жаңғырту, инфрақұрылымды дамыту секілді жобаларды аз мөлшердегі пайызбен ұзақ жылға несиелендіреді.

Негізінен банк тек мемлекеттік бағдарламалар ғана емес, жеке кәсіпкерлердің жобаларын жүзеге асыруға да дайын.

Жалпы қызылордалықтар халықаралық қаржы институттарымен байланысын уақыт өткен сайын нығайтып келеді. Мәселен, Еуропалық қайта құру және даму банкімен 2 жылдан бері қаланың инфрақұрылымын дамытуға арналған 8 жобаны бірлесе атқарып жатыр.

Бұған қоса, осы күні облыс әкімі Қ.Көшербаев «AL Hilal Bank», «Falah Growth Fund», «Kazakhstan Ijara Company» және малайзиялық «Amanic Advisors CIS» компаниясының басшылықтарымен де кездесіп, әріптестік байланыс орнату мәселелерін талқылады.

● ДІН МЕН ДІЛ



ІЗГІ АМАЛДАР АЙЫ

Мәуліт арабша — “туылу”, “туылған уақыты” деген мағынаны білдіреді. Ал жер-жаһанға рахым етіп жіберілген, әлемді хақ дінмен нұрға бөлеген екі дүние сардары Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туылған уақытына байланысты тойланатын мейрам — Мәуліт мерекесі деп аталады. Бұл дінде әу баста болмаған, бірақ көпшілік ғалымдар, ғұламалар құптарлық жаксы жаңалыққа жатқызған.

Өрбіріміз осы күні ата-анамыздың, туған-туыс, құрбы-құрдас, құда-жекжаттың туған күндерін арнайы дастархан жасап, ат шаптырып, той жасаймыз. Тіпті шетелде тойлайтынымыз қаншама?! “Әкем-анам, атам елге еңбегі сіңген еді” — деп ат шаптырып, байге беріп жатқандарды да көріп жүрміз. Ал бүкіл адамзатқа Ислам атты нұр алып келген, қиямет күнгі шапағатшымыз, ұлы ұстазымыз, жолбасшымыз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туылған күнін атап өту бәрінен де ізгірек, лайықтырақ емес пе?! Қазіргі заманда Мәулітті тойлау міндет десек те болады. Себебі, біріншіден адам өзі жаратылысында біреуге еліктеу арқылы жетіледі. “Болмасаң да ұқсап бақ, бір жаксыны көрсеніз” — деп

Абай атамыз айтқандай бізге идеал керек. Екіншіден, қазір Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) аты-жөнін білмейтін, дінді дұрыс түсінбейтін адамдар арамызда көп. Түсінбегендіктен діннен қорқушылар пайда болды. Сондықтан Мәуліт мейрамын тойлау аясында, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірін насихаттау арқылы дінді дұрыс ұстануға шақыру қажет. Бұл мерекені тойлау арқылы өскелең ұрпақты имандылыққа, жаксы мінез-құлыққа баулудың бастамасын калаймыз. Ислам тарихына үнілсек, Пайғамбарымыздың 200-ге жуық есімі бар екен. Оның бәрі адамның ойлап табуынан емес, Аллаһтың қалауынан болғаны анық. Расулаллаһ “с.ғ.с.” дүниеге келгеніне үш ай болғанда аяғына тік тұрған, бес айлығында жүрген, тоғыз айлығында тілі шыққан. Көкте Хақ, жерде халық мақтаған Аллаһтың құлы өмірінде бір рет те есінемеген. Төбесінен ешқашан күн түспеген, үнемі ақ бұлт үйіріліп көлеңке болған.

Құран көрiмнiң “Қалам” сүресiнде ол туралы “құмәнсіз, сен ұлы мiнез-құлық иесісің!” — деп баяндалған. Ақиқатында Алланың Елшісі (с.ғ.с.) бұл дүниедегі ғұмыры біткенінше үмметіне деген үмітін еш үзбеді. Өлсiздердi



● ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА – 20 ЖЫЛ

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Бүгінде қазақ елінде көптеген ұлт өкілдері бейбіт өмір сүріп келеді. Түрі басқа болғанымен, тілегі бір жүздеген ұлт елдегі бірлікті бекемдей түсуге негіз қалаған достық пен бірлікті ту етіп ұстанып отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы дүние жүзіндегі татулық пен түсіністікті сақтаудағы теңдессіз ұйым ретінде бағаланады. Осы орайда Ассамблеяның соңғы кездері атқарып жатқан жұмыстары айрықша. Бастысы, ұлтаралық келісім сақталып отыр.

Еліміздегі түрлі ұлттар мен ұлыстар ұмыт бола бастаған тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін қайта жаңғыртуға мүмкіндік алуға. Бұл қазақ халқының кешпейінділігін көрсетсе керек. Әсіресе, ұлттар татулығы еліміздің барлық аймағында ашылған және заман ағымына сай белсенді түрде дамып келе жатқан ұлттық-мәдени орталықтардың атқарып отырған жұмыстарын айта кету керек.

Осы орайда біздің өңіріміздің мәдени қоғамдық өмірінде өзіндік орны бар 11 ұлттық-мәдени орталығы жұмыс жасап келеді. Ұлттық- мәдени орталықтардың негізгі мақсаты салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, өнер мен мәдениетті қалыптастыра отырып, дамыту бағытында бірлесе жұмыс жасау болып табылады. Аталмыш орталықтар түрлі маңызы бар іс-шараларға белсене араласып, барлық қоғамдық бірлестіктермен жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей бірлесіп жұмыс жасайды. Кейінгі ұрпаққа өнегесі мол тәлімді шаралар өткізіп, жастар ұйымдарымен де белсенді жұмыс жасауда. Сондай-ақ өздерінің ұлттық мерекелерін тойлап, онда ұлттық киімдерін киіп, дастарқан жайып, төл тағамдарын дайындап, ән-жырдан шашу шашады.



2-бет

Елбасы қолдауымен жүзеге асырылған «Жезқазған-Бейнеу» теміржол магистралі сайын даладағы елді мекендерге жан бітірді. Шойын жолдың 272 шақырымы Қызылорда облысының аумағынан өтеді. Осы аралықта 3 станция және 10 бекет салу жоспарланған. Қазіргі таңда стансалар мен бекеттерде электр желілері, өндірістік және техникалық ғимараттар және әлеуметтік нысандар салынуда. Жаңа станциялардың бірі Арал ауданындағы Қарақұм ауылдық округіне қарасты Абай ауылында орналасатын болады.

Екі жарым мыңға жуық тұрғыны бар елді мекеннің негізгі кәсібі — мал шаруашылығы. Жаңа магистраль салынғалы бері мұнда инфрақұрылымдық жұмыстар жүргізіліп, бірқатар әлеуметтік нысандар бой көтерді. Шеткейде ауыл жұртшылығы алдағы күндерге сеніммен қарап, жарқын болашағын мүмкіндігі мол болат жолмен байланыстыруда.

— Қарақұмды қас жарған шойын жол елді мекен тұрғындарының тұрмысы оңалуына зор үлес қосады. Жаңа табыс көздері шығып, жұмыссыздық мәселесі шешілмек. Өз жалақым отбасымның нәпакасына жеткілікті. Жүз мыңның үстінде айлығым бар. Осы темір жол құм басқан маң даламызға тірлік бітіретін болды. Өте қуаныштымыз, — дейді Абай стансасының теміржол монтері, ауыл тұрғыны Бекболат Мамитанов.

«Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының қаржысы есебінен станция аумағынан теміржолшыларға арналып, 2 пәтерлік 20 үй салу көзделуде. Яғни, 40 отбасы баспаналы болады. Бүгінде алғашқы үйдің құрылысы аяқталды. Темір жол бойындағы станция құрылысында 40 адам тұрақты жұмыс жасауда. Соның 25-і Абай ауылының тұрғындары.

Ауылдық округ әкімі Бегалы Дәулетжановтың айтуынша, станция толық іске қосылғанда мұнда 200 адамға дейін еңбек ететін болады. Ал шойын жолдың бойында салынуға тиісті барлық станциялардың құрылыстары келер жылы толық аяқталады.

Дәурен ОМАРОВ.
Суреттерді түсірген автор.

ТҰМАН ТҮСПІ,
КӨКТАЙҒАҚ
БОЛАДЫ

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда гидрометеорология орталығы хабарлауынша, 18-20 қаңтарда Қызылорда облысының кей жерлерінде тұман түсіп, көктайғақ күтіледі.

Осыған байланысты, төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіздікті сақтау шараларына баса назар аударуды ескертеді.

Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.



Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20

ҚАҢТАР
СЕЙСЕНБІ

2015 жыл
№8 (18896)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Сонымен қатар облыстық тарихи-өлкетану музейінде өзге этнос өкілдерінің арасынан шыққан колонер шеберлерінің туындыларынан құралған түрлі тақырыптардағы көрме ұйымдастырылуда. Жалпы аймағымыздағы ұлттық мәдени орталықтар жұмысына қолдау уақыт өткен сайын жанданып келеді. Бұл дегеніміз, Сыр өңірінде тұратын сан түрлі ұлттардың ауызбіршілігі мен тату-тәтті тыныс-тіршілікте өмір сүріп жатқандығын

білдіреді.

Сондай ұлттық-мәдени орталықтардың бірі – “Облыстық шешен қоғамдық мәдени орталығы” қоғамдық бірлестігі. “Вайнах” облыстық шешен қоғамдық-мәдени орталығы” қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Мовлади Исаев:

– Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын жоғары деңгейде атап өту жоспарланып отыр. Соған орай облыстағы ұлттық-мәдени орталықтар қызу дайындық үстінде. Ел-

басы Н.Назарбаевтың өзі бұл бастамаға айрықша назар аударып, оның жүзеге асуына жағдай жасауда. Осы негізде өңірімізде ассамблея жұмысы оң жолға қойылған. Мәселен, біздің мәдени орталықта облыс бойынша 500-ден аса мүше бар. Олардың ішінде бесенді жұмыс жасайтындары қаншама?! Біздің басты мақсатымыз – достық пен татулықты қалыптастыру. Осындай елде бейбіт өмір сүріп жатқанымызды мектан тұтамыз. Қазақ еліне деген алғысымыз шексіз. Енді Ассамблеяның 20 жылдығына орай түрлі маңызды іс-шаралар өткізіп, одан әрі дамытуға жұмыс жасаудамыз, – деді өз сөзінде.

Жалпы, шешен қоғамы хал-қалірінше ұлт-аралық татулық пен бірлікке өзіндік үлестерін қосып келеді. Барлық мерекелерде басқа халықтармен бірігіп, түрлі іс-шаралардың мазмұнды өтуіне ұйытқы болуда. Мереке демекші, шешен халқы қуанышты сәттерді тойлауға ерекше мән береді. Мәселен, үйлену тойы олардың өмірінде үлкен қуанышты оқиғалардың бірі саналады. Тойға дайындық кезінде қыздар арнайы қол орнамалын кестелеп, әдемі өрнектермен көмкереді. Жас жігіт таңдаған қызына достары арқылы тәттілер, ақша беріп, осы қылығы арқылы қызға сезім, көңілін білдіреді екен. Егер қыз ұнатса, қол орнамалын сыйлайды. Міне, осы салт-дәстүрлердің барлығы қазір де жалғасып, ұлттар арасындағы татулықты нығайтуға септігін тигізіп келеді.

Елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі этнос өкілдеріне өздерінің тарихын, салт-дәстүрлері мен халықтық қалпын сақтаулары үшін үлкен мүмкіндіктер мен конституциялық құқықтар берілген. Ең бастысы, қазіргі күні қазақстандықтар өзара келісім мен бірлікке қол жеткізіп отырғаны мемлекетті баянды, мәңгілік ел ететін факторға айналып отыр.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

МАҚСАТЫМЫЗ ОРТАҚ, МҮДДЕМІЗ БІР

Қазақ – қашаннан қонақжай халық. Оны бүгінгі сан ұлтпен тату-тәтті өмір сүріп жатқандығынан аңғаруға болады. Бұл барлығымыз бір ұлттық баласындай араласып-құраласып тіршілік етіп келеміз. Соның нәтижесі бозар бүгінгі қазақ еліндегі ұлттардың татулығы мығым, мақсаты бір, мүддесі ортақ.

Қазақстан халқының бірлігі, ұлтаралық қарым-қатынастың тұрақтылығы қоғамымызда басты орын алады. Осы орайда облысымызда 11 ұлттық-мәдени орталығы, атап айтар болсақ, көріс, татар, орыс, неміс, шешен, еврей, қырғыз, түрік секілді ұлт өкілдері және қауымдастықтары өңіріміздің өсіп-өркендеуіне, этносаралық қатынастарды үйлестіруге өзіндік үлестерін қосып келеді.

Кеше ғана төрімізге енген Қой жылы құт берекесімен енді. Олай дейтініміз, биыл маңызды іс-шаралар қатары артып отыр. Мәселен, Қазақ хандығының 550, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, ҚР Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын атап өту жоспарланды. Бұл мерекелердің біз үшін маңызы зор. Оған дайындық басталып кетті. Ассамблеяның 20 жылдығына орай біздің өңірімізде де арнайы іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы негізде ұлттық-мәдени орталықтар да маңызды жобаларды кең көлемде ұйымдастырып, жоғары деңгейде атап өтетін болады.

Елбасы Н.Назарбаевтың көргенді, сарабалдас саясатының арқасында барлық ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт тіршілік етуде. Жалпы, қазақ халқы пана сұраған сан ұлт пен ұлысты бауырына басты. Олар бір-бірімен тату да тәтті өмір сүруде. Сондықтан жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір халықтарды бір атаның баласындай көріп, бөле жармай бір наным үзіп жеген халықты өзгелер үлгі алатындай бағалап келеді.

Галина ЩЕРБАКОВА,
“Славяне қоғамдық-мәдени орталығы” қоғамдық бірлестігінің жетекшісі.

● ЖЫЛ ҮЗДІГІ

МАЙЛЫТОҒАЙЛЫҚ МАЙТАЛМАН

Ат үстіндегі кісі құм төбесіне шоқтығып шықты. Жайдары жүзді жігіттің жүзінде аздаған алаңдау-шылық бар секілді. Билығы Қой жылының кірпіс жылдағыға қарағанда жылы, шаруаға жайлы. Өріске шыққан мал бытырай жайылып, сексеуіл бұтағы, жуан мен күйреуікті жұлып жеп көрек етіп барады, эне! Бұрынғы шаруалардан қалған қағида – мал қысқа күйлі түссе, шелді мал – төлді мал демекші, ертенгі оның өсімі де жақсы болатыны бар. Бұл жағынан алғанда шопанның көңілі қанағат табады, ал оны алаңдататыны басқа жағдай болғанымен осы ауа райына қатысты болып тұрғаны. Желтоқсан айының қылы болғаны соншалық, жылда осы уақытта сіресіп қалатын дария, жылкыстай ағып, жөңкіліп-ақ жатыр. Жөңкіген күйі жөніне кете берсе жасасы, анау күндері суы дегенге көтеріліп, жағалауларға жайылды. Тіпті, дарияның арғы бетіндегі кей ауылдардың шетіне дейін кіріп, елді үргін-сүргін еткені де есте. Сол алапат судың қауіпін қорыққан бұлар ірі қаралардың өзін тоғайдан шығарып, ауыл маңына жақындатып тастаған-дй. Өй, бірақ малдың ат мал ғой, үйрен-шікті жайылымына қарай тартып кетіп, батпаққа батып қала ма деп қауіптенді Жалғас. Құм төбешіктің үстіне шығып қараған ол кеше ғана су жүріп өткен жердің қара-құралдан аман екендігін аңғарып, сабасына түсті.

Жалғас Асанов Шиелі ауданы, Майлытоғай ауылындағы «Асан» шаруа қожалығының төрағасы.



Төрағамын деп шалқайып жататын жағдай жоқ қазір, күндіз-түні, қысы-жазы қарбаласы бітпейтін шаруашылықтың жұмысымен шапықлап ат үстінде тұспейді. Өрине, көмекшілеріне сенімі мол, дегенде, өзінің бас-көз болып жүргені бөлекше ғой. Оның үстіне қой бағумен өмірін өткізген әкесі Мадияр мен анасы Наушан да шаруашылықтың өз қалпымен жүргендігіне тілектес болып, ел бір қой сеніп тапсырылған бала-сының шаруа басынан алшақтамағандығын қалайды. «Қой баққанға бітеді» деген қазақтың сөзінің өзі тәмсіл емес пе, білгенге. Иә, кешегі кеңес үкіметі кезінде әкесі Мадияр Асанов Сырдария ауданы емес, бүкіл облысқа атағы шыққан майталман шопанның бірі еді,

Еңбек Данқы орденінің үшінші және екінші дәрежелісін омырауына тақты. Енді бірінші дәрежелісін алып, Еңбек Ерімен пара-пар болуға сал-ақ, қалып еді. Майлытоғайдың іргесіндегі «Қызыл там» аталатын мал қыстауында ширек ғасыр аталымш шаруашылықпен шұғылданумен бірге, балаларын да осы жұмысқа бауылды. Отбасында өскен оншақты баланың арасында Жалғас та атакәсіпке құмбыл болып өсті. Сол алғырлығы мына бүгінгі абыройға кенелтіп отыр. Кешегі ірі шаруашылықтар тарап, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен уақыттарда шамалы сарсаңға түскенімен, қолдағы малдан ақырамады, ақсақал. Соңыра жеке шаруа қожалығын құрып, біржола нарықтық қатынастың ырқымен тіршілік ете бастады. Сондағы сенгені өз бөлінен шыққан осы балалары еді, сол сенім үдесінен шығуға тырысып-ақ жүр Жалғас. Өрине, бірге тұған бауырлары да бас-көз болып көмектесіп отырады. Сол ауызбірліктің нәтижесінде нақты кезінде бұлардың шаруашылығында 1264 бас «Сухандария Сұр» сұрыпты қаракөл қойы бар. Өткен жылы мал басынан шығын бермей, әр жүз аналықтан 120-дан төл алуда да қол жеткізді. Жүз қырку, ет өндіру секілді көрсеткіштерден де облыста алдыға шығыпты. Мұның бәрі істің көзін бітіп, тиімді еңбек ете білудің нәтижесі екендігі анық.

Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың да жылдан жылға ұлғайып келе жатқандығы белгілі.

Бұрындары ірі қараға деген қам-қорлық молдау болса, жырпадан бергі қолға алынған «Алтын асық» бағдарламасына сай, асыл тұқымды 260 бас қойды Оңтүстік Қазақстан облысынан сатып алып, отарға қосты. Жергілікті малмен бұдандастыру арқылы оның нәтижесінің жемісті боларына сенім мол. Өткен жылдың қорытындысымен шаруа қожалығының төрағасы Жалғас Асанов облыстағы «Үздік қой өсіруші» номинациясы бойынша облыс әкімі Қырымбек Көшербасовтың қолынан арнайы сыйлыққа ие болды. Бұл мадақтау оны марқайтты.

– Еңбегіміздің жанғанына қуандық. Оны ескерген басшыларға үлкен алғыс, мен түгтілі бала-шағам, ата-анам, туған-туыстар марқайып қалды. Алдағы уақыттарда да адал бейнет етіп, Елбасымыздың сарабалдас саясатын қолдай отырып, лайықты еңбек ете беруге құлшыным отырмыз. Өзге де ауылдықтарға атақасіпті кеңінен қолға алып, мал шаруашылығын көтеруге шақырамын, – дейді зор марапатқа ие болған жігіт ағасы.

Иә, «Еңбек ердің атын шығаралды» демекші майлытоғайлық майталман Мадиярдың ізбасары жана заманға бейімделіп, қарқынды тіршілік етіп келеді. Оның алды бейнеті, істің көзін таба білуі көпке үлгі.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.

Шиелі ауданы,
Майлытоғай ауылы.

«Электрондық үкімет» порталын қолданушылар саны артты

Сыр өңірінде «Электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыруға және облыс тұрғындарын ынталандыруға бағытталған «Барлығын бірдей, әркімге қолжетімді» акциясы қорытылды. «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалында 48 жүзделері марапатталды.

Өткен жылдың 19-31 желтоқсан аралығында аталмыш акцияға белгіленген мерзім ішінде 482 тұрғын қатысқан. Акция шартына сай әрбір 10-шы қызмет алушыға ақпарат тасығыш (флешка), әрбір 50-ші қызмет пайдаланушыға ұялы телефон тартарлығы тиіс. Осылайша 39 тұрғын флешка, 9 қызмет алушы ұялы телефонға ие болды.

– Қазақстанда электронды үкімет құру идеясын Елбасы алғаш рет 2004 жылғы Жолдауында айтқан болатын. Ал электронды үкімет веб-порталы 2006 жылы іске қосылды. Бүгінде www.egov.kz порталы арқылы 121 қызмет түрі қолжетімді. Қызметтің 112-сі сандық қолтаба арқылы алына, 9-ы электронды сандық қолтабамен көрсетіледі. Қазіргі таңда аймақта 48596 адам электронды қызметке жүгіреді. Айта кететін жайт, 2014 жылдың желтоқсанында электронды үкімет порталына 3 миллионынан пайдаланушы ретінде жерлесіміз Еламан Серкебаев тіркелді, – деді шара барысында облыс әкімі аппаратының электронды әкімдікті интеграциялау және дамыту бөлімінің басшысы Индира Сансызбайқызы.

Ол мұндай акция алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Дәурен ОМАРОВ.

Жалағаш ауданы бойынша «Ақниет» және «Қарақөз» дүкендерінен 1 сортты бидай ұны – 57, қарақатқан күрші – 150, жұмыртқа – 19, өсімдік майы – 230-240, жуа – 90, сәбіз – 90, картоп – 90, қырыққабатты 110 теңгеден алуға болады.

Сырдария ауданы бойынша «Серікбөл» дүкенінде картоп – 90, сәбіз – 90, қырыққабат – 100, жуа – 90, қант – 165, оқорачқа – 450 «Коммуналық» базарында жұмыртқа 20 теңгеден сатылуда.

Шиеді ауданы бойынша «ӘШорабаев» базарында картоп – 90, жуа – 80, сәбіз – 90, қырыққабат – 100, жұмыртқаның 10 данасын 180 теңгеден алуындығы болады. Сонымен қатар, 1 сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылып жатыр.

Жаңақорған ауданы бойынша «Мағжан», «Зангар» және «Нұрасыл» дүкендерінде картоп – 85, жуа – 80, қырыққабат – 100, сәбіз – 90, оқорачқа – 440, жұмыртқа 18 теңге болса, ЖК «Үсейінов», «Нұраділ», «Сұңқар» дүкендерінде 1 сортты бидай ұны 57 теңгеден сатылса, сондай-ақ «Нұр» базарында ет 1050 теңгеден сатылуда.

Ел басына күн туып, ер азамат

етігімен су кешкен сұрапыл соғыс жылдары кімге де оңай тиген жоқ. Тылдағылардың өзі ішер тамақ, ки-ер киімге жарымай жүріп, майдан даласына, ел қорғап жүрген жауынгерлерге арнап азық-түлік пен киім-кешек жөнелтіп жататын-ды. Ұлы Отан соғысы аталып, тарихқа қатталған қырқыншы жылдардың алғашқы айлары жалпы Кеңес Одағы халқы үшін тіптен ауыр тиді. Темір құрсанып, қаруын сайланған қатал жау айналдырған екі-үш айдың аралығында ел территориясы-

қалай шығады?!

– Жаңақорған ауданы маңындағы ауылдардан, аудан орталығынан сол әскери шақырылымда 40 жігіт майданға аттанған болатынбыз, соғыстың сұрапылдығын есептей беріңіз, әлгі қырық жігіттің тек жетеуі ғана елге оралып-пыз. Ал отыз үш қыршын майдан даласында қалды. Сүйегі табылғаны, табылмағаны бар осыншама отбасы қара жамылды, – деп күрсінді бұл күндері тоқсан жастың төрінде отырған Ұлы Отан соғысының ардагері, май-



УКРАИНА МАЙДАНЫНЫҢ САРБАЗЫ

на бойлай еніп, Мәскеудің өзін алуға шақ қалып тұрды. Қоршауда қалып, тұтқынға түскен шарасыз әскер қаншама?! «Ана қаланы алды, мына қаланы жермен жексен етті» деген сұмдық хабарлар мен соғыста опат болған ел азаматтары туралы «қара қағаз» да үздіксіз келіп жататын-ды.

Ат жалын тартып мінер жігіттердің барлығы Отан қорғауға аттанып, елдегі барлық ауырталдық, егін егу, мал бағу секілді қара жұмысты буыны қатпаған жас балалар мен нәзік жанды келіншектер атқарып, мойнына ілінген замана қамытын қажымай тартты. Жан баласы тегізсіз қиын шақ еді ғой сол кездер. Ет пен теріден жаратылған пенденің төзімділігі, «көпнен бірге көрген – ұлы тоғай» делінетін адамдардың бір-біріне деген сенімі, нықтаса қажыр көрсетуі жеңісті күндерді жақындатқан да шығар, бәлкім.

Бұл айтып отырғандарымыз бергі заман жеткіншектеріне шамалап болса да таныс, олардың кинодан көргені, кітаптардан оқығанынан да басқа беріп қиыншылықтар, адам шыдамаса ауыртыпалықтар сол соғыстың аяқталғанына жетпіс жыл өтсе де оның құзгерлерінің аузынан айтыла қоймайды. Сұрапыл соғыстың сұмдығын еске алғысы келмейді қон көздер. Ақиқаттардың толық айтылмай келе жатқандығы да сондықтан шығар. Ат артында отырып, тырма тартқан, қырманға астық тасыған қияметтерді өз басынан өткерген Тастемір де он алты жастан он жетіге шыға берсе әскерге алынды. Ел басына туған нәубеттен кім құтыла алушы еді, карт әкесі мен шешесі жылжы-жылжы шығарып салды. Жаңақорғаннан аттанған қызыл вагонның ішінде шығысқа қарай кете барды. Әуеліде Тәшкент маңына апаратын деді, былай шыға олай болмады, Ферғанаға қарай ойысты солдат тиеген сол состав.

Әскерге аттанар таң қараңғысында дастархан жайған анасы байғұс бір шөкім тары сөгін суса жібітіпті. «Ішіне ел қондырып ал, алдағы күннің не боларын қайда білейін, қарағым, дорбана соқыр шалдың үйіндегі әжең берген бір уыс құрт пен таба нан салдым. Наның елден бұйырғып, қан-қасаптан аман кел», – деп жылап жіберді. Өкесінің де көңілі босалды ғой деймін, теріс айнала бетін көлдей ормалмен ысқылап, бірсыдырғы үңсіз отырып та қалды. Өкесі Тілеуберген ауыл адамдарының мәсінін тігіп, етігін жамайтын ісмер кісі еді, жанындағы иленген балғырны сипай отырып, сәлден соң былай деді. “Терзентке зар болып, жылап-еніреп жүргеніме мына құм ішіндегі Хорасан атаның басына түнеп, мұнымдығы шығып еді. Бауырсақ пісіріп, ііс шығардық, қайта-қайта Жаратуғынша жалбарынып, нәресте бере бір деп тілек тіледі. Кіріпкім ілінбей қол жатыппын, таң ата мызғып кеткенім-ау, деймін, бір ақсақалды қария бірі сары, бірі қара екі қылып берді. Қолын жайып бата беріп тұрып: «Сары түсті қылыштың ұзаққа дейін жаныңда болады, қарасы ұзамай майырылса-өкінбе». Көзімді аңсап, айналада ештене жоқ секілді, тек шырақшы кісінің қорлы естілгендей. Иә, қарағым, менің әлгі ақсақал берген сары қылышым, өткір алмасым өзіңнің, Алла жазып келер жылы шешен өзіңді босанды, сол кезде оның жасы қырықта, әкенің жасы елуде еді. Тастемір деп есімдің ырымдап қойғанбыз, қандай қиыншылық көрсен де мойныма, адал бол, аман бол», – деп бет ормалымен бетін тағы да сипалап кетті. Тактай вагон ішінде айналасындағы ың-шыңға алданбай отырған жас жігіт ата-анасына, туған жерге деген сағынышы үйден ұзамай жатып-ақ, өзегін өртеп мұнайып қалды. Сөйтіп де жалма-жан дүр сілкініп, өзінің тасты мықты, темірдей берік болуы керек екендігін түсінді. Бұлай бордай езілсе берсе не болғаны, ел аманатын қалай орындайды, сенімен



дандер Тастемір Тілеубергенов ақсақал. – Майданнан елге оралған жетеудің аты-жөнін айтқым келіп отыр, жазып қой, олар – Жүсіпов Кенже, Бірлік ауылынан Амантай, Қасқырбай Ыдырсовтар және де Жұрмағұл, Төлен, Шізат, Ізет есімді батыр жігіттер. Бұрындары жын-тойларда кездесіп, қауқылдасып қалушы едік, олар да келмеспіз кемесіне мініп жөнөп кетті, әрқайсысы әр шамада, қуанарлығы – артында түткеткен түттің, ісін жалғар ұрпағы қалды. Солардың жарық дүниені басып жүрген ең соңғысы менім.

Газет тілшісінің де қарекеті қызық, әңгіме өрісі жалпы тақырыптан нақты жағдайға қарай ауысқанын қанша қалап отырса да, әңгіме ауанын бұза бермейтіні бар. Бұл да кәсіби машықтың бірі, емін-еркін әңгіме айтып отырған кейіпкеріне орынсыз кілігіп, сауал берсе берсең, ілінерік бір түірі сөз таппай қалуың әбден мүмкін. Біз де сол әдетпен үңсіз бас шұғылып отырмыз. Майдангер көкеміз болса, ертедегі игі жасқарылдың ұлағатты істерін баяндап отыр. Осы кезде көмекке Өшекең келе қалды. Өшім Оразбекұлы – Шиелі аудандық мәслихатының хатшысы, майдангер ағамыздың немере інісі. Науқастанып жатыр деген хабарды естіп арнайы ақсақалдың көңілін сұрай келген беті екен, осы шаңырақта кездесіп қалғанымыз.

– Көке, Батыс Украинаны азат етуге қатысқаныңыз бар еді ғой, сол туралы аздап айта отырыңыз, – деді мәслихат хатшысы батылдық танытып, Қожамерді батырдың ат үстіндегі ерлігін, жаугершілік заманындағы батылдығынан өңіме шерттіп отырған Тастемір ақсақал мына ұсынған соң, неміс басқыншыларымен соғысқа қайта гүмп ете түсті: – Соғыстың не айтары бар дейсің, бораған оқ, жарылған снаряд, он жетідегі бата не біледі дейсің, ат десе атып, жаңт десе жатқан жандалбаса, дегенде, Кеңес әскерінің қайта бел алып, жауды шегіндіре бастаған тұсында майданға араласқандығымыздан шығар, рухымыз жығылмай, жеңіске деген құштарлығымыз нақты істермен шегенделіп жатты. Соның нәтижесінде Батыс Украина майданында жеңіске жеттік.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз танк әскері соңындағы десант бөлімінде қызмет еткендіктен әлгі өзіміз айтып отырған кесектенен кедергілерді бөлімше жауынгерлерімен талай мәрте бірге көрді. Ауыр қаруларды арқалай жүріп, батпаққа батқан танкінің жолын аршу, ағаш төсеу секілді ауыртыпалықтары бірге атқарысты. Сөткелеп нәр сызбаған жағдайлары да жетерлік. Мына күрделі жағдайды қайта сараптап, алдағы ұрысты бағамдаған Жоғарғы Қолбасшылық шешуші ұрысты Бухарин плацдармынан Лютеж ауданы маңына ауыстыруға шешім қабылдады. Бұл арада көптеген танк полкінің бір түн ішінде ондаған километр жерге маневр жасауы еді. Сол етігімен су кешкен жауынгерлер арасында Сыр өңірінің өреші, баттай мықты, темірдей берік болуы керек екендігін біз де білеміз. Қараша айының басындағы Киевті азат ету ұрысына 7 мың миномет пен артил-

лерия, 675 танк, 700 бомбалаушы самолет қамтылды. Бұл маневрге немістердің шебі тез бейімде алмады да, біздің әскердің онтайлы шабуылына жол ашылды. 3-і танк армиясы генерал Рыбалконың бұйрығымен шешуші аяқсаа шықты. Оны мыңдаған жау әскер, артиллерия, әуе ұшақтары бірлесе қолдады. Нәтижесінде жау жағы әсірер, Киевті азат ету мүмкіндігі толығымен Кеңес әскерінің қолына өтті. Сонымен үшкүндік сұрапыл соғыс нәтижесінде қараша күні Киев толық азат етілді. “Қабырғаларға тұрғындар алде біздің солдаттар ма, ірі әріптермен, «Да здравствует Победа!» деп жазып-ты. Бормен жазылған осы өршіл сөздер бізге қандай күш-қуат берді десеніңі?!” – дейді майдангер осы жағдайды еске ала отырып. Күн мен түннің, естілік пен сөзсіздіктің қатар жүретіні бар емес пе, сол шабуылдың соңғы сәттерінде танк десанты, жауынгер Тілеубергеновке жау снарядының жарықшағы тіпті, қатты жарағаны. Қара санға қалған екен, медбикелер келгенше, қан көп ағып, қансырап та қалыпты. Дегенде, дала госпиталіне келген соң, екінші күні өзі жиналды. Сол жаракат оның табандатқан сегіз ай бойы госпитальда жатуына апарып соқтырды. Айығып шыққан соң оны арт полкке ауыстырды. Осы құрамда соғыса жүріп жеңіске қадам басумен болды. 1944 жылдың қысына қарай бұлардың полкін эшелонға салып қиырға қарай жөнелтіп. Осылай «Мини-ергейм линиясы» аталынған Ладога бұғазы маңынан бірақ шықты емес пе?! Сонау 1939 жылы жалыны аспанға шыққан Совет-Фин соғысына да араласты Тілеуберген ақсақалдың өрмідей боздағы Тастемір.

– Новосибирскідегі әскери училищенде оқып жүргенімізде соғыс аяқталды. Толық курсты аяқтау үшін бізге әлі де үш жыл оқуымыз керек екен, жеңістің хабары елге жеткен соң әкем байғұс қайта-қайта жоғарыға қат жазып, мені әскер қатарынан босаттырып алды. Сонымен мен еске келгеніме 1946 жылдың көктемінде де басталып қалған-ды. Мойнына бұршақ салып жүріп тіліп алған баласы жанына келген соң әкем бет қаратпады, таңертең келген мені кешке үйлендіріп те тынды. Өзі жиі тағып жүрген жекжаттың қызы бар екен, сол Өнешпен шаңырақ көтердік...

Ол апамыздан бір ұл, бір қызды болса, анаң кейінгі апамыз Мінайдың 3 ұл, 5 қыз көрді. Осы-қалыңшыларымен соғысқа қайта гүмп ете түсті: – Соғыстың не айтары бар дейсің, бораған оқ, жарылған снаряд, он жетідегі бата не біледі дейсің, ат десе атып, жаңт десе жатқан жандалбаса, дегенде, Кеңес әскерінің қайта бел алып, жауды шегіндіре бастаған тұсында майданға араласқандығымыздан шығар, рухымыз жығылмай, жеңіске деген құштарлығымыз нақты істермен шегенделіп жатты. Соның нәтижесінде Батыс Украина майданында жеңіске жеттік.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз танк әскері соңындағы десант бөлімінде қызмет еткендіктен әлгі өзіміз айтып отырған кесектенен кедергілерді бөлімше жауынгерлерімен талай мәрте бірге көрді. Ауыр қаруларды арқалай жүріп, батпаққа батқан танкінің жолын аршу, ағаш төсеу секілді ауыртыпалықтары бірге атқарысты. Сөткелеп нәр сызбаған жағдайлары да жетерлік. Мына күрделі жағдайды қайта сараптап, алдағы ұрысты бағамдаған Жоғарғы Қолбасшылық шешуші ұрысты Бухарин плацдармынан Лютеж ауданы маңына ауыстыруға шешім қабылдады. Бұл арада көптеген танк полкінің бір түн ішінде ондаған километр жерге маневр жасауы еді. Сол етігімен су кешкен жауынгерлер арасында Сыр өңірінің өреші, баттай мықты, темірдей берік болуы керек екендігін біз де білеміз. Қараша айының басындағы Киевті азат ету ұрысына 7 мың миномет пен артил-

лерия, 675 танк, 700 бомбалаушы самолет қамтылды. Бұл маневрге немістердің шебі тез бейімде алмады да, біздің әскердің онтайлы шабуылына жол ашылды. 3-і танк армиясы генерал Рыбалконың бұйрығымен шешуші аяқсаа шықты. Оны мыңдаған жау әскер, артиллерия, әуе ұшақтары бірлесе қолдады. Нә

ҚОЛӨНЕР ӘЛЕМІ

Мамандық таңдауда қателеспеген адамды бақыттылар қатарына қосуға болатын шығар, сірә... Сондай жанның бірі – Арал ауданының тумасы Құдайберген Құлмамбетов ағамыз. Он саусағынан өнері тамған шебердің бүгінде есімі елге белгілі. Ұлттық қолөнерімізді дәріптеп жүрген жанның қолынан шыққан әрбір дүниесі үлкен сұранысқа ие. Ағамызға бұл қасиет әкесінен дарыпты. Әкесі Тағжан заманында Арал жұртшылығына белгілі ұста болған. Темірден түйін түйген ұста ғана емес, атырапқа белгілі саятшының бірі осы Тағжан болса керек.

КИЕЛІ ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕГЕН ШЕБЕР



Шебер ең бастысы жасаған дүниенің жан жүрегімен, ішкі әлемімен үйлессе отырып орын-дәстүрмен, онда ол көпшіліктің де көңілінен шығады деген ұғымды жадына түйіп, өмірлік ұстанымына айналдырған. Көзін ашқалы әкесінің ісін көріп, ес білген шағында қолғабыс ете бастайды. Сөйтіп ұлттық қолөнерге деген қызығушылығы оянып, бар ынта-ықыласын осы бағытқа арнайды. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей әкесінің ісін жалғап, көптеген жетістіктерге де қол жеткізеді.

– Бала кезінде мектепте қабырға газетін безендіріп, сурет салу, әрлеу секілді жұмыстар менің мойнымда болатын. Ұстаздарым сурет салудағы ерекше қабілетімді байқап, жақсы шыққан дүниемді мектеп қабырғасына іліп қоятын. Кейін жеке шығармашылық дүниелерімді жинақтап, көрме ұйымдастырды. Мен бұдан шабыт алып, одан әрі талпынып, осы бағытқа біржола бет бұрдым, – дейді шебер.

Әсіресе, қыздардың әшекей бұйымдарын жасағанда қазақтың ою-өрнектерін сан құбылта отырып, түрлі етіп жасайды. Тіпті бояу үйлесімділігіне де ерекше назар аударады. Жарамсыз күміс бұйымдарды қайта бақыттып, тұтынушылардың талабына сай



етіп, жасап береді. Қазіргі таңда ұстаның қолынан дәстүрлі халық тұтынатын заттар, атап айтатын болсақ, сандық, жүкаяқ, ат әбзелдері, ылдас-аяқтар, музыкалық аспаптар, көлесый, сыйлықтар, жауынгерлік қару-жарақтар мен қатар қыз келіншектерге арналған әшекей бұйымдар жасалады. Бұл заттарды жасау үшін сапалы әрі табиғи материалдар: былғары терілер, мүйіз-сүйектер, бағалы түсті металдарды қолданады екен. Әрбір жасаған дүниесінің мазмұны мен мағынасына ерекше көңіл бөледі. Бұл кісіге қыз-келіншектер үнемі қазақы нақыштағы бұйымдарға тапсырыс береді.

Қолөнер саласын дамыту, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бүгінгі күннің алдында тұрған үлкен жауапкершілікті талап ететін киелі іс деп есептейтін ол, осы негізде жұмыс жасауда. Ұлттық өнерімізді өлтірмес үшін, қайта жандандырып, одан әрі дамыту үшін шәкірт тәрбиелеп жатыр. Әрбір қолөнерге

ХАБАРЛАНДЫРУ
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 14 маусымдағы №570 «Жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға арналған квоталарды болу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының 3-бөлімі 15-тармақшасына сәйкес, Қызылорда облысындағы су айдындарын жалға алған барлық табиғат пайдаланушылар 2015 жылға балық аулауда лимит бөліну үшін ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін Қызылорда облысының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына өтінім тапсырулары керек екенін хабарлай отырып, өтінім тапсырмаған табиғат пайдаланушылардың су айдындарына лимит бөлінбейтіндігі туралы ескертеміз.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №60 үй, байланыс тел.: 8 7242 30 78 03.

ҚЫС КӨРІНІСТЕРІ

Ақ қар жамылған АҚМЕШІТ



Суреттерді түсірген Д.ОМАРОВ

СПОРТ

ҚОСАЛҚЫ ҚҰРАМДА БАПҚЕРЛЕР АЛМАСТЫ

«Қайсардың» қосалқы командасында бапкерлер ауысты. Өткен маусымда команданы жаттықтырған Қайыржан Әбуовтің орнына Қанат Шерімбетов келді.

Айта кетейік, Қанат Райымханұлы бұған дейін «Қайсар» футбол клубының футбол орталығында 1998 жылғы жасөспірімдерді жаттықтырған болатын. Өртүрлі турнирлерде шәкірттері жоғары нәтиже көрсетіп, көпшіліктің жақсы бағасын алған. Енді жақын уақыттары Шерімбетовтің көмекшісі тағайындалады.

Дегенмен, Қайыржан Әбуов те қызметсіз қалған жоқ, «Қайсар» футбол орталығында 1998 жылғы жасөспірімдерді жаттықтырады. Ал Әбуовтің көмекшісі болып келген Марат Сәрсенов футбол орталығында 2007 жылғы жеткіншектердің жаттықтырушысы болып қызметке орналасты.

ШАХМАТТАН ОБЛЫС БІРІНШІЛІГІ ӨТТІ

Қызылорда қаласында шахматтан ерлер арасында облыс біріншілігі өтті. Оған Қызылорда қаласы мен аудандардан қатысқан 6 команданың құрамында 40 қа жуық ойыншы бақ сынады.



Ойын швейцар жүйесі бойынша 7 турға созылды. Осы жарыстан 1,2 орынды иеленген жеңімпаз бен жүлдегерлер үстіміздегі жылдың 19-28 ақпан аралығында Павлодар қаласында өтетін ерлер арасындағы Қазақстан чемпионатына жолдама алды.

Жарыс қорытындысы бойынша Қызылорда қала-

сының атынан қатысқан спортшылардың мерейі үстем болды. Атап айтсақ, 6,5 ұпаймен Юра Еғай облыс жеңімпазы атанды. Дәл осындай ұпаймен екінші орынды Роман Смолоногов иеленді. Ұпай саны бірдей болғанымен Роман коэффициенті бойынша алға шықты. Қадыр Жамаладин 5 ұпаймен қола жүлдені қанағат тұтты.

Айта кетейік, жарысқа қатысушылардың жас ерекшелігіне шектеу қойылған жоқ. Шахматшылардың ең жасы 8-де болса, үлкені 75 жастағы қызылордалық Еркін Бекенов.

Әділ ТАЛАП.

ӘКЕ ТУРАЛЫ СЫР

Менің әкем Әбудің туған жері қазіргі “Бәйтен көпірі” елді мекені екен. Сол жерде 1895 жылы дүниеге келіпті. Әкесі елге белгілі емші, әрі көріпкелдігі бар кісі екен. Кейін “Тоуіп ата” атанады. Үлкен ағалары Әбдіразақ, Молдыразақ және інісі Әбдіхалық. Бұл кісілер де ата жолын қуып емшілікпен айналысқан. Әбдіхалық көкем де арабша өте сауатты болғанын және әкесінің кітаптары сол кісіде деуші еді анам. Біздің әкеміз аса сауатты болмаса да, қабілетті, еті тірі, ағайын-туыстардың ішінде беделді азамат болып өсіпті. Ол туралы Әбдіразақ әкем “біз Әбуге бағынамыз ғой” дейтін.

Бала болсақ та соны көріп, сезіп өстік. Кей кезде “мен қызыл партизан да болдым” ғой дейтін. Компартияның құрамында да болды. Ал колхоздастыру кезінде өзінің екі сиырының бірін жетектеп барып, колхоз ұйымдастырғаны туралы анам жиі айтатын. Қай жылдары екені белгісіз, колхозды басқара жүріп, халыққа танымал, беделді басшы болғандығы туралы үлкен кісілердің аузынан еститімін. Ашаршылықты да басынан өткергендігі туралы айтатын. 1938-1939 жылдары болса керек, солайық саясат шаңырақты да айналып өтпегі. Молдыразақ әкемің емшілік қасиетін, білімін қалада денсаулық орны пайдаланып,

ол кісіні кіші дәрігер етіп орналастырады. Әкеме емделіп жүрген біреу (ол кезде аты айтылмайды ғой) көкемді бүгін түнде ұстап кететіні туралы хабарлайды. Көкем Бұқара жаққа қашып, бас сауғалайды да, жыл жарым жүріп, біреулердің себебімен елге оралады. Мен әкем жоқта дүниеге келген екенмін. Ұлы Отан соғысы кезінде жас ерекшелігіне байланысты көкемді еңбек майданына жіберелі. Мәскеу жақта соғыс құралдарын шығаратын үлкен зауытта жұмыс жасайды.

Еңбек майданынан келген соң өзі басқарған колхозын әрі қарай басқарып, елге пайда-сын тигізеді. Колхоз “Киров” колхозы болып аталған. Әкем өте мейірімді, елдегі кісілерге қамқор бола білді. Соғыстан балалары, ерлері қайтпай қалғандарға көмектесетін. Өзі аншы болатын, қоян, қырағуыл атып әкеліп соларға үлестіретін. Орынқұл, Маржанқұл, Қалампыр (балалары соғыстан қайтпаған) әжелеріне анар деуші еді. Қарлығаш екеуіміз кезектесіп апаратынбыз.

1951 жылдан кейін бригадир болды, колхоздың әртүрлі саласында басшылық жасады. Колхоздан қолдан келген көмегін аяған емес. Табиғаттың аса бір үлкен сыйы – адам болып дүниеге келу. Сол адамның қасиетті, абыройлы адал болып жүруі бір басқа. Менің



әкем сол жандардың санатында. Көкем 1962 жылы ауыр науқастан кейін дүниеден өтті. Әке деген асқар тау деуші еді ғой, сол рас екен. Әкем қайтқаннан кейін көпке дейін үйіне алмай жүрдім. Өкінішті-ақ. Әкеміңнің төрімелен өсірген баласы Әбуов Нартай Сырдария ауданының Айдарлы, Абай, Қоғалықел шаруашылықтарын абыройлы басқарды. Әкем бір елдің Әбуі болды, біздер Әбекеннің баласы атандық. Талай тар жол, тайпақ кешуді ба-сынан өткерген әкем ештеңеден мойымай өмірден өтті.

Қаламқас ӘБУОВА.

Қызылорда қаласы.

ТӨМЕН БАҒАДА КӨКӨНІС ЖӘНЕ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР

Жаңа жыл қарсаңында тұрғындарды арзан бағада, сапалы ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі қолдауымен «Байқоңыр (Байкөңір)» ЭКК» ҰК» АҚ-ның «Мирас» сауда орталығы арасындағы әріптестік келісім негізінде шаралар қабылдануымен қала бойынша «Төмен баға» атты 3 (үш) әлеуметтік сауда орны ашылғандығын хабарлаймыз.

«Төмен баға» сауда орындарында ауылшаруашылық өнімдері арзан бағада, яғни нарық бағасынан 15 пайыз төмен сатылуда. Аталған дүкендерді мына мекенжайлардан таба аласыздар:

1. Ескі базар маңы «Ажар» сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені;
2. Абуов көшесі 14, яғни қалалық емханаға қарама-қарсы орналасқан «Эльман» дүкені;
3. «Мирас» сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені.

Жоғарыда айтылған мекен-жайларды «Төмен баға» деген жарнамалық белгі арқылы таба аласыздар!

«Сыр бойы», «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Қызылорда қаласының Тоқтыбаев көшесі бойында күнделікті азық-түлік өнімдерінің жәрменкесі өткізіледі. Жәрменкеде азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорындағы өнімдермен бірге «Мирас» сауда орталығы және «Дәмді» сауда маркалы өнімдері нарық бағасынан 15-20 пайыз төмен бағада сатылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ұжымы Жанакорған аудандық бөлімшесінің бастығы

Қошқаров Мұрат Зәкірұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Менің иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және апарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
зәңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиепі, Жаңақорған: Нұрмұхан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламын тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба еңделеді және қайтарылмайды.
Жарияландыр газеттің түпнұсқасы қолжазбасын бірдейдей. «АҚ» қылы қызымет.

Газет редакцияның компьютер орталығында жатпалы, «Сыр медиа» ЖШС ес бастауында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазақшота" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24415
Тапсырыс № 51
Электронды оқылым 28000.